



The New York Times

КҮДІКТІ ҚҰРЫҚТАЛДЫ



Апта басында Иран билігі саяси қылмыскер күдігімен бірнеше азаматты тұтқынға алды. Бір қызығы, құқық қорғау органдары айыпталушылардың нақты қандай қылмысқа қатысы барын айтпай, жанама мәліметпен шектелуде. Әлемдік ақпараттық агенттіктер оқиғаны кезекті қоғамдық-әлеуметтік мәселе есебінде елемегенмен, кейіннен күдіктілердің жақында қаза тапқан Мохсен Фахризаденің өліміне қатысы болу ықтималдығы елеңдетпей қоймады. «The New York Times» газеті бейсенбілік санында Меган Специяның «Ғалым өліміне кінәлі құрықталады» атты макаласын жариялады. Онда «Иран ядролық қаруының атасы», ғалым Мохсен Фахризадеге қастандық жасаушылар ауыр жазаға тартылатыны айтылған.

«Сәрсенбіде Иран билігі бірнеше азаматты тұтқынға алғанын ресми мәлімдеді. Алайда қамауға алынғандардың нақты саны мен тергеу барысы әлі құпия күйде. Ақпарат дереккөзі – Парламент төрағасы Хусейн Әмір: «Ғалымға шабуыл ұйымдастырғандар әділдіктен, жазадан қашып құтыла алмайды. Тиісті заң мен билік кінәлілерді істеген қылмыс үшін өкілдіретін болады» – делі.

Бұған дейін кем дегенде үш шенеунік оқиғаға Израилді айыптап, жазалау амалын жүргізу қажеттігін жеткізген болатын. Оған қоса АҚШ-тың ықпалы болуы ықтимал екендігін де жасырмаған. Алайда қарсы тарап істі мойнына алмай, ресми ақпарат беруден алыстады. Ғалымның өлімі онысыз да күрделі басқару құрылымын есенгіреткені анық.

Күдіктінің қолға түсуі оқиғаның шарықтау шегіне жетелері сөзсіз. Себебі ел башысын Хасан Рухани да Израилге айып тағып, шүйліге сөйлеген пікірі бар еді. Ендігі шешуші рөл айыпталушының мәлімдемесіне тікелей қатысты. Сарапшылардың сөзінше, қақтығыс қашықтан басқару құрылымы арқылы жүргізілгендіктен, айыпты тарапты дөп басу мүмкін емес. Қамаудағы күдіктілер жалған немесе дәл мәлімдеме жасаған күнде де қос елге ымыраға келу оңайға соқпай тұр.



КӨШПЕЛІ МОНОЛИТ



Соңғы ай әлем халқын таңғалдырған «тылсым» жайға толы болды. Соның бастысы – жұмбақ монолит. Әлемнің әр түркірінен бой көрсетіп, уақыт өте болатын еңселі монолиттің сырын табу әзірге мүмкін болмай отыр. Ұзындығы 3 метр құрайтын тұтас тас «әлем аралап», БАҚ-тың назарына ілікті. Енді, міне, кезекті монолит Ұлыбританияның Уайт аралынан табылды. Жұмбақ тастың сырын білмеке «BBC News» арнасы «Жағалауда пайда болған «гажайып» атты хабар шығарып, монолиттің мәнін ашуға асыққан.

«АҚШ пен Румынияда пайда болған монолит бірнеше күннен кейін Ұлыбританияда дәкеріні берді. Айна тәрізді құрылым Англияның оңтүстігіндегі Уайт аралынан табылды. Монолитті алғаш жергілікті тұрғын Алексия Фишвик жексенбідегі серуен кезінде көзі шалған. Тұрғын: «Юта мен Румынияда пайда болған монолит туралы оқығаным бар. Көп халық назар аударма қоймады. Себебі фотшопп көмегімен жасалған деген тұжырымда еді. Ал аралға нәліктен және қалай орналастырғанын түсінер емеспін» деп пікір білдірген.

Бұған дейін АҚШ-тың ЮТА штатында пайда болған монолит бірнеше күннен соң жоғалып, әлеуметтік желіде қызу талқы тудырып, түрлі болжам нысанына айналған еді.

Бұл әлемде табылған төртінші монолит. Кейбірі мұны құйтырқы маркетингтің айласы десе, бірі жатжерлік тіршіліктің белгісі дегенді айтуда. Ал жақында америкалық «The Most Famous Artists» өнер командасы Юта штатындағы шөлге монолит орнатқанын мәлімдеген.

4 БЕТТЕ



Ақмешіт

12 желтоқсан сенбі
№96 (1697)
2020 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет • E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БАҒДАРЛАМА

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ: БАҒДАРЛАМА ЖҮЗЕГЕ АСУДА, НӘТИЖЕ ҚАЛАЙ?

Өзіміздің өнім. Базардағы сатушыдан осы бір сөзді естігеніңіз сондай бір жылы, қуана қабылдайтыныңыз сөзсіз. Соңғы кезде өзімізде өндірілетін өнімнің қатары көбейе бастады. Бұл «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасының елімізде жүзеге аса бастауының нәтижесі.

Атап айталық, Елбасы тапсырмасымен 2019 жылдан бастап «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие беру үшін ел казынасынан 600 млрд теңге қаржы бөлінді. Ал 2020 жылы қаржыландырудың жалпы сомасы 1 трлн теңгеге артты. Жалпы отандық өнімді қолдау, импортқа тәуелділікті азайтуды көздеген бағдарламаның Сыр өңірінің бас шаһарында жүзеге асу барысы қалай? Бағдарлама қаншалықты нәтиже беруде?

Өткен жылы ел Үкіметінің қаулысымен «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша басымдық берілген жобаларды жеңілдікпен несиелеу бағдарламасының талаптары бекітілді. Бағдарламада азық-түлік тауарлары, азық-түліктен басқа тауарлар, оның ішінде киім және аксессуарлар, үйге және кеңесге арналған бұйымдар, құрылыс материалдары бойынша өндірілетін барлығы 46 тауарлар тобының ішінен 133 экономикалық қызмет түрлеріне басымдық берілген.

Ел экономикасы серпін берер бағдарламаның жүзеге асуы үшін Қызылорда қаласында да бірқатар нақты жұмыстар атқарылды. Бағдарлама аясында жүзеге асатын жобаларға қалада орналасқан «Өндіріс» индустриялық аймағына орналастыруға мүмкіндік жасалған. Индустриялық аймақ бюджет қаржысы есебінен қажетті коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Бағдарлама аясында жүзеге асқан жобаларды несиелендіру бойынша қалада жалпы құны 2 млрд 604 млн теңгені құрайтын 34 жоба қолдау тапқан. Сондай-ақ екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдарында жоба құны 1 млрд 600 млн теңгені құрайтын 4 жобаның құжаты қаралуда. Мұнан бөлек жоба құны 675 млн теңгені құрайтын 7 жобаның құжаттары жинақталуда. Бұл цифрлар қаламызда «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасының нәтижелі жүзеге асып жатқанын байқатады.

Қала кәсіпкерлері үшін бағдарлама насихаты да өз деңгейінде жүргізіліп



келеді. Жыл басынан бері қала әкімдігінің бастамасымен «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасының мүмкіндігі мен тиімділігін түсіндіру мақсатында қала кәсіпкерлеріне арналған түсіндіру шаралары тұрақты өтуде. Сондай-ақ қалаға қарасты елді мекендерде көшпелі семинарлар ұйымдастырылуда. Мұның барлығы бағдарлама игілігінің елдегі кәсіпкерлерге жеткізу мақсатында екені даусыз. Ендігі мәселе – бағдарламаның нақты нәтижесі. Алдағы уақытта оқырмандар үшін бағдарлама аясында жүзеге асқан жобалар жайында жазатын боламыз.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ



Әкімге алты сауал аударының кезекті сұрағы Белкөл кентінің әкімі Ардақ Ибраимовқа жолданған еді. Кент әкімі қызметіне жыл басында тағайындалған ол бүгінге дейін атқарған жұмыстарын саралап берді. Кентте шешімін таппаған өзекті мәселені де жасырмады.

БЕЛКӨЛ КЕНТІ: ТҮРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ АЛАНДАТАДЫ

– Сынды қалай қабылдайсыз?
– Мемлекет башысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында азаматтардың барлық сындарлы өтініш, тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндетіміз деген болатын. Орынды сын айтылуы тиіс. Оған құлақ асуымыз керек.

– Биыл біткен іс?
– «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында республикалық бюджет қаражаты есебінен биыл кенттегі жалғыз мемлекеттік «Балапан» балабақшасы күрделі жөндеуден өтті. Белкөл кентіне қарасты Бірқазан елді мекенінің кіреберіс жолына, Железнодорожная, М.Есмаханов, Т.Абуов, Зеленая көшесі және қалалық бюджет қаражаты есебінен Бірлік, Әбдіқадыров көшесіне орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру бойынша жергілікті бюджеттен 3-Линия көшесіне және «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында Зеленая көшесіне жарық бағаналары орнатылды. Абаттандыру бағыты бойынша К.Әбдіқадыров көшесі мен теміржол өткелі арасындағы тұйыққа тас төсеу және жауу жүргіншілер жолы салынып, Бірқазан елді мекеніне балалар ойын алаңы салынды. Сондай-ақ «Үңгіттердің қорымына» баратын жолға қиыршық тас төселді.

Әлеуметтік нысандар мен көпқабатты тұрғын үйлерді кенттегі жылу орталығы жылумен қамтамасыз етеді. Былтыр жылу орталығы ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 3 дана газ қазандығы және тозығы жеткен жылу құбырлары, биыл ұзындығы 1 037 метрді құрайтын кварталаралық жылу жүйелері жанадан ауыстырылды.



2 БЕТТЕ

СҮЙІНШІ!

Алаштың анасы атаған Сыр өңірі қашаннан таланттарға кенде емес. Қадау-қадау жүйріктердің ішінен қадап айтарымыз қазіргі қазақ айтысының құлагері – Мұхтар Ниязов.

МҰХТАР «АЛТЫН ДОМБЫРАМЕН» КЕЛДІ



Елорда төрінде Тәуелсіздік күніне орай ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Абай тағылымы – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбындағы республикалық «Алтын домбыра» ақындар айтысы өз мәресіне жетті. Дүбірлі доданың ақтық сайысында сегіз ақын бақ сынап, Сырдың сүлейі, жырдың дүлейі Мұхтар Мәуленұлы жеңімпаз атанды. Оған 3 миллион теңгенің сертификаты мен «Алтын домбыра» мүсіні сыйға берілді. Енді Сыр өлкесінің мұражайы алтын домбырамен толыға түспек.

Алаштың анасы» деген уәзі сөзді іспен дәлелдеуге біріміз атсалысуымыз керек. Алдағы уақытта да мұнымен тоқтап қалмаймыз. Бұл біздің шыққан шыңымыздың басы ғана болмақ. Алтын домбыра айтысы карантин талаптарына сәйкес араға ай салып екі кезенге бөліп өткізілді. Үш айналымда Бекарыс Шойбеков, Айбек Қалиев, Серік Қуанғанмен айтыстық. Халқымызда «Арық айтып, семіз шық» дейді, өз-өзіме баға бермей-ақ қойяын. Бастысы Сыр өңіріндегі жеңісі құтты болсын. Бұл Тәуелсіздік күні қарсаңындағы теңдессіз қуаныш, – дейді Мұхтар Ниязов өз сөзінде.

Сонымен қатар айтыстың анызына айналған Серік Ыдырысов пен Әбілқайыр Сыздықов ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Алтын домбыра айтысында I орын түркістандық Бекарыс Шойбековке бұйырды, «Айтыс ақтангері» атағын иеленді. II орын елордалық Еркебұлан Қайназаровқа табысталды. Жүлделі III орын Мұхтармен ақтық сайыста айтысқан семейлік Серік Қуанғанға бұйырды. Міне, осылайша Сырдың өнері мен өрені Алты алаштың алдында абырой асқақтады. Сырбойлықтар ақынның қошеметпен қарсы алды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖЕРЛЕСПЕН ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ

Мұрат ЖАРЫЛҚАСЫНОВ, кино актері:

«ҚЫЗЫЛОРДА ЖАЙЛЫ КИНО ТҮСІРГІМ КЕЛЕДІ»

Биыл көк туы желбіреген, еңсесі биік егемен елімізде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Абай жылына орай жан-жақта түрлі шаралар өтуде. Соның ішінде қазақ кино әлемі де қалыс қалмады. Жақында Тәуелсіздік мерекесіне орай есімі елге белгілі режиссер Мұрат Бидосов түсірген «Абай» сериалы көрерменге жол тартады.

Осы фильмді әсіресе қызылордалықтар асыға күтіп жүр. Өйткені мұнда біздің жерлесіміз Мұрат Жарылқасынов Құнанбайдың інісі Майбасардың рөлін сомдайды. Бала кезден кино актері болуды армандаған кейіпкеріміз бүгінде «Project's House» ЖШС атқарушы продюсері. Мереке қарсаңында жерлесіміз Мұрат Болатұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

4 БЕТТЕ



ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Аптань бейсенбінде қала әкімдігінде аппараттық мәжіліс өтті. Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев күн тәртібіндегі мәселелерді талқыламас бұрын ақтангер ақын, жыр жампозы «Алтын домбыраны» үшінші рет алып, айтыс аламаньндағы көшті бастаған Мұхтар Ниязовты мерейлі жеңісімен құттықтап, домбыра сыйлады. Сонан соң кадрлық өзгерістерге тоқталып, Талсуат ауылына тағайындалған әкім Айбек Жылқыбайды таныстырды.

ХАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУ КЕРЕК

Жиында Тасбөгет және Белкөл кентіндегі жыл басынан бері атқарылған жұмыс сараланды.

Алдымен Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов хабарлама жасап, атқарған жұмысын баяндады. Жалпы Тасбөгет – Қызылордада жақын орналасқан елді мекен. Қала мен кенттің бір-біріне жақындығы сонша екі аумақты бөліп қарастыра алмайсың. Оның үстіне соңғы кездері Тасбөгетте ыждағаттылықпен істелген тірлік көп. Соның бірі ретінде облыстық балалар ауруханасын басқа емес, қала іргесіндегі Тасбөгетте салынғанын атап өтуге болады. Бұдан бөлек кентке кіре берісте жаңадан шағын аудан бой көтерген. Кәсіпкерлік саласы да қанат жайып келеді. Биылдың өзінде кентте жаңадан 119 жеке кәсіпкер тіркеліп, шағын бизнеспен айналысушылардың саны 1199-ға жетті.

Мемлекеттік бағдарламалармен де жұмыс жасау қолға алынған. Биыл барлық мемлекеттік бағдарламаны қосқанда түрлі кәсіп бойынша 66 жоба мақұлданды. Нәтижесінде бұл жобалар 70,4 млн теңгеге қаржыландырылды.

Тасбөгетте жол жөндеу жұмыстары да етек алып келеді. Биыл кенттің жаңадан қалыптасып келе жатқан аумағындағы 15 көшеге малта тас төсеу үшін тиісті қаржы бөлінді. Нәтижесінде 11 көшеге тас төселіп, тұрғындар батпақты жолдан құтылды деуге болады. Сондай-ақ халықтың сұранысы бойынша кентке стритбол алаңы салынды.

Осы негізде хабарлама жасаған кент әкімі тазалықты қамтамасыз ету, қарьерлердің ретсіз қазылуын тоқтату, заңсыз иеленген жерді анықтау, карантин талаптарын қатаң сақтау мақсатында да жұмыс жасап жатқанын мәлім етті.

Қала басшысы Тасбөгетте «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша ешқандай жоба жоқтығын алға тартып, халық мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көру керектігін айтты.

Мұнан соң Белкөл кентінің әкімі Ардақ Ибраимов баяндама жасады. Жалпы Қызылордада қарасты екі кент болса, соның бірі – Белкөл. Теміржолдың бойында, тас жолдың жағасында орналасқан елді мекен Қызылордада да жақын. Қалай алып қарасак та орналасу орны тоғыз жолдың торабына сәйкес келеді.

Белкөлде де атқарылған жұмыс аз емес. Әсіресе, шағын және орта бизнесті өркендету жолға қойылған деуге болады. Былтыр кентте 24 кәсіпкерлік нысан тіркелсе, биыл 44 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Кентте жол мәселесі толығымен шешілген деп мәлімдеген Белкөл әкімі жарық бағаналарын орнату жұмыстары да жүйелі жүргізілгенін айтты.

Жыл басындағы есептік кездесудегі ел тілегінің бірі Белкөл кентіне қарасты Бірқазан елді мекеніне кіреберіс жолын жөндеу болса, қазір бұл мәселе де қала әкімінің қолдауымен өз шешімін тапқанын баяндады.

Қала басшысы Белкөлде де атқарылуға тиісті жұмыстың барын назарға салды. Әсіресе, «Бизнестің жол картасы 2020» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары арқылы Белкөлде бизнес бастаған азаматтар санының аздығын сығына алып, кентте қылмыстың ашылуы мен санитарлық тазалыққа байланысты да кемшіліктердің барын атап өтті.

Аппараттық мәжілісті қорытындылаған қала әкімі қос кенттің басшысына әлі де болса жұмысты ширату қажеттігін тапсырды.

ӘЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Сәрсенбінің сәтінде сайлау өтті. Оған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Әбдіқадір Ергешбаев, қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мұхитжан Кәрімбаев, депутаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

ТАЛСУАТҚА ЖАҢА ӘКІМ КЕЛДІ



Айта кетейік, осыған дейін әкімдікке қос үміткер Айбек Жылқыбай мен Қуанар Рамбергін сайлауалды бағдарламаларымен таныстырған болатын. Ал сайлау қорытындысында басым дауысқа Айбек Жылқыбай ие болды.

Сайлаудан соң жаңадан сайланған округ әкімін қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ауыл тұрғындарына таныстырды. Кездесу барысында осы кезге дейін Талсуат ауылдық округінің әкімі қызметін абыроймен атқарып келген Болатбек Нұрлыбаевқа ел үшін атқарған еселі еңбегіне тоқталып, 2 жылдан аса округтің бірқатар мәселесін оңтайлы шешуге атсалысқан басшының құрметті еңбек демалысына шыққанын атап өтті.

Қала басшысы Айбек Жамалұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі. Алдағы уақытта талсуаттықтардың, халық қалаулыларының сенімдерін ақтап, округтің одан әрі өсіп өркендеуіне әкімдік алдындағы міндеттерді нақтылап, елмен етене араласып, мәселелерді шешуді тапсырды. Кездесуде жаңа әкімді жылы қарсы алған тұрғындар да ауылды дамытуға бағытталған бастамаларды бірлесіп атқарып, жұмыла жұмыс істейтіндерін жеткізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖОЛАҚЫ АРЗАНДАДЫ МА немесе 5 теңгенің үнемділігі



Осы аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс жетпіс бірінші сессиясы өтті. Оған қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мұхитжан Кәрімбаев, халық қалаулылары мен қала әкімінің орынбасарлары, сала басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібінде

3 мәселе қаралды. Алғашқы мәселеде «2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнәр Баймаханованың баяндамасы тыңдалды. Ол қала қаржысының және салық түсімдерінің қалай жүзеге асып жатқандығына тоқталды.

Келесі мәселе бойынша қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев жолақы тарифіне тоқталды. Бүгінгі күні «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС теңгерімдегі қалаашылық қоғамдық көліктерде жолақысын электронды төлем жүйесі арқылы төлеу толық енгізілді.

«Автомобиль көлігі туралы» ҚР 2003 жылғы 4 шілдедегі А476 заңының 19-бабының 2-1 тармағында «Тариф жергілікті атқарушы органның шешімімен маршруттың түріне, жол жүру билетінің түріне, төлем тәсіліне, сондай-ақ тасымалдау қашықтығына немесе жүріп өткен аялдама пункттерінің санына қарай сараланады» деп нақты көрсетілген.

– Сараланған жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы бойынша қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 85 теңге, ал жолақысын қолма-қол ақшамен төлеу барысында – 90 теңге ретінде ұсынып отырымыз, – деді бөлім басшысы.

Нәтижесінде 2020 жылғы 23 қарашада қала әкімімен «Қызылорда қаласының аумағында жолаушыларды қалалық қатынастарда автомобильмен тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу үшін келісім алу туралы» қаулы қабылданған болатын. Аталған қаулыға келісім беру туралы қала әкімінің ұсынысы хаты қалалық мәслихатқа осы жылдың 27 қарашасында ұсынылды.

Б.Далабаевтың айтуынша, бұл төлем жүйесі енгізілген жағдайда қала тұрғындары электронды төлем тәсілін тұтынуға басымдық береді. Осы тариф енгізілгеннен кейін көлекелі бизнеске кетіп жатқан қаражатқа тосқауыл болып, «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС материалдық техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік болады деп есептейді.

Сессия барысында қалалық мәслихаттың депутаты Ғалымбек Жақсылықов:

– Қолма-қол және электрондық төлеудің айырмашылығы 5 теңге. Сонда екеуінің тиімділігі қандай? – деген сұрақ қойды.

– Негізгі басқа облыстарда жолақы 120 теңгеден. Біздің қалада тарифті бірқалыпты ұстап отырымыз. Пандемия кезінде халықтың қалтасы жоғары бағаны көтермейді. Ал тиімділігіне келсек, жолаушы электрондық қартаммен қоғамдық көлікпен бір күнде бірнеше рет қатынауы мүмкін. Ол кезде 5 теңгенің өзі әжептеуір үнем болады, – деп түсіндірді Б.Далабаев.

Тілші түйіні: Сессияда қаралған мәселелерді депутаттар қолдады. Тарифке келісім берді. Әрине, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында электрондық қартамны жұмыс істеу жүйесін арттырған дұрыс. Бірақ оған біздегі қоғамдық көліктердің қызмет көрсету сапасы да дайын болуы қажет. Әйтпесе маршрут мәселесі әлі күнге дейін көптің көңілінен шыға бермейді...

Ақтоқпан НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



БЕЛКӨЛ КЕНТІ: ТҮРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ АЛАҢДАТАДЫ

– Биыл үлгері алмаған ісіміз?

– Кенттегі клубтың жағдайын көтермейді. Кентке мәдениет үйін салу үшін жобасметалдық құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджеттен қаржы қаралып арнайы жер телімі белгіленді. Қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Осы жобаны жүзеге асыруға биыл үлгермедік. Келесі жылы бюджетке енгізіп, мәдениет үйін салсақ, халықтың алғысына бөленеріміз анық.

– Сіз үшін кенттегі ең өзекті әрі күрмеуі қиын мәселе?

– Кенттегі өзекті мәселенің бірі – теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салу. Белкөл кентінде тұрғын үйлер, әлеуметтік маңызы бар нысандар теміржолдың екі жақ бетінде орналасқан. Тұрғындар оң жақ беттегі мейізке немесе жағажай демалыс орнына бару үшін теміржолдан өтуге мәжбүр. Ал сол жағында әлеуметтік маңызы нұсқандар орналасқан, яғни мектеп, балабақша, емхана және қалаға қатынайтын қоғамдық көліктер жүреді. Теміржолдан өту – тұрғындарға қауіпті. Жүргіншілер көпірін салу ең бірінші кент тұрғындарының қауіпсіздігі үшін қажет.

– Шағын және орта бизнесті дамытуда мемлекеттік

Басы 1-бетте



бағдарламаның жүзеге асу барысы қалай?

– Шағын және орта бизнесті дамытудың «Еңбек», «Бизнестің Жол картасы-2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде биыл 12 тұрғынның жобасы қолдау тапты. Экономиканың әртүрлі салалары бойынша жаңадан кәсіп ашты. Бұл жаңа 45 жұмыс орнының құрылуына ықпал етті. Алдағы уақытта да кентте кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау және түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасуда.

– Алдағы жоспармен бөліссеніз...

– Қазіргі таңда қаламызда жол инфрақұрылымын дамытуға көңіл бөлініп, көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Дегенмен жөндеу қажет ететін көшелер де жоқ емес. Сондай-ақ жарықтандыру, жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесі де бар. Бұл жұмыстар қаражат ыңғайына қарай, кезең-кезеңімен шешімін табады деген сенімдемін.

Айдана СЕЙІЛ

ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СУ КӨЛЕМІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі таңда құнарлы топырақты сақтау және су көлемін үнемді пайдалану басты міндетіміз. Егістік жердің беткі қабатының тұздануы егістік жерлердің мелиоративтік жағдайына кері әсерін тигізеді. Егістік жерлердің тұздануын болдырмау үшін өз уақытында егіс алқабын сумен шайып, минералды тынайықтықты өз көлемінде пайдаланған дұрыс. Сонымен қатар қашыртқы каналдарын тазалап, егін алқабында пайдаланған су еш кедергісіз уақытында қашыртқылар арқылы шығарылып отырылуы керек. Қазіргі кезде ірі шаруа қожалықтары жаңа заманға сай техникамен жұмыс жасауда.

Италияндық лазерлік жер тегістеу құралын қолдану нәтижесінде егістік жерге берілетін су көлемін үнемді пайдалана отырып, егін өнімділігін өте жоғары көрсеткішке жеткенін көруге болады. Осындай лазерлік жер тегістеу технологиясын қолға алып әрі қарай қолданысқа кеңінен енгізу қажет. Ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін егістік жерлердің топырақ құнарлылығын сақтап, дренаждық жүйелердің және ондағы гидротехникалық құрылыстарын жақсарту керек, сонда ғана су көлемін үнемді пайдалана отырып, егістік жердің тұздануын қалағалау қазіргі заман талабына сай болар еді.

Ж.ДЕМЕСІНОВ,

Қызылорда қаласы гидромелиоративтік бөлімше басшысы



«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалында сайлауалды қоғамдық штабтың ресми ашылу салтанаты өтті. Шараға партия ардагерлері, ерікті жастар және БАҚ өкілдері қатысып, сайлауалды штабтың мақсат-міндеті айқындалды.

ҚОҒАМДЫҚ ШТАБ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Басқосуда алғаш болып сөз алған «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, штаб жетекшісі Шәріп Әбдірахманов штаб құрамы мен үгіт-насихат шарасының бағыт-бағдарын жеткізді.

– Бүгіннен бастап қалалық сайлауалды қоғамдық штаб Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауына байланысты өз жұмысын бастайды. Алқа құрамына 16 мүше белгіленді. Штаб белсенділері мен жастарға және депутаттыққа үміткер азаматтарға үгіт-насихат шарасын жүргізуге барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар сайлау процесін қадағалайтын 360 партия белсендісі қатарындағы сенімді өкілдер, бақылаушылар сайлау учаскелеріндегі тиісті жұмыстарын жүргізуге дайын, – деді Шәріп Әбдірахманов.

Биыл «Nur Otan» партиясы тұңғыш рет праймериз өткізіп, партияның іріктеу нәтижесінде белсенді азаматтар партия қатарына қосылған болатын. Бүгінде «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалынан 34 кандидат бар. Оның ішінде 28 үміткер праймериз жеңімпазы болса, 6 үміткер партия филиалының квотасы бойынша өткен.

– Сайлауалды қоғамдық штаб алғашқы жұмыс кестесін бастады. Штаб мүшелері ақпараттық-насихат шараларын жүргізуге сақадай сай, дайындық жоғары деңгейде. Алға қойған жемені сәтті еңсеретінімізге сенім мол, – деді «Nur Otan» партиясының ардагері, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Қызылорда қаласының сайлау қоры қаражатының есебінен төленді.



Nur Otan

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

«ӨНІРДІ ДАМУ ЖӘНЕ АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІН САҚТАУ» ЖОБАСЫНЫҢ 2-ШІ КЕЗЕҢІН ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

ШЫРАҒДАН



Әлемде білім саласына баса мән берген мемлекеттердің экономикасы қарыштап дамып, аз жылдың ішінде толағай жетістіктерге жеткендігін көріп, біліп жүрміз. Біздің елімізде де ғылым-білім саласына аз көңіл бөлініп жатқан жоқ. Мұны мектептердің заманауи техникалармен жабдықтылығы, мектеп басшылығына іріктеуден өткен іскер директорлардың келуінен-ақ байқауға болады.

Әңгімемізге арқау еткелі отырған білім шаңырағы қалада орналасқан №43 Жақыпбек Махамбетов атындағы қазақ орта мектебі. Бұл білім беру ошағы 1987 жылы пайдалануға берілді. 1934 жылы «Кооператор» атындағы жеті жылдық мектеп болып ашылады.

«Кооператор» колхозы жақсы көрсеткіштерімен аты шыға бастаған шаруашылық болатын. Қала іргесіндегі ауыл ауданда бірінші болып күріш егуді бастап, одан мол өнім өндірді. Ауыл мәдениеті жақсарып, жаңа ғимараттар, тұрғын үйлер бой көтерді. Міне, ауылдың өз күшімен салынған жаңа жетіжылдық мектеп те сол жылдардың жемісі болатын, – деп еске алады мектеп ардагерлері.

Адамның өмірдегі ең ұмытылмас, есте қалар сәттерінің бірі – мектепте өткізген кезеңі. Мектеп оны асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарына үйретеді, сондықтан да адам өмірінің алтын бесігі – мектеп.

80 жылдық тарихы бар тәрбие ошағын түрлі білім саласына еңбегі сіңген ұстаздар басқарған. Тарихты парақтасақ, мектепке алғаш Асқар Меңліханов директор болған. Ұлағатты ұстаз мектептің қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Одан кейін Е.Байбосынов, осы мектептің түлегі Тұрсын Әділбекова, Сызбек Ахметов, Ұлболсын Маханова сынды білім беру ісіне атсалысқан ұстаздар басшы болды. Ал 2015 жылдан бастап білім ошағына Қазақстанның білім беру ісінің құрметті қызметкері Бақытжан Иманбердиева директор болды.



ЖАҢАРҒАН МЕКТЕПТІҢ ЖЕТІСТІГІ АЗ ЕМЕС

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

Еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – басты міндет. №43 Жақыпбек Махамбетов атындағы қазақ орта мектебінде әр ұстаздың жұмыс бағыты, іздену барысы, нәтижесі ерекше назарға алынған. Бірлесе істеген жұмыстың нәтижесі қалалық, облыстық, республикалық семинарлар мен байқаулардан көрінеді. Білім ордасы 1176 оқушыға арналған. Мектеп ұжымының жыл бойы жасаған еңбегінің нәтижесінде қала басшысы «Үздік білім беру ұйымы» номинациясымен марапаттаған. Мектепте «Қабілет» шығармашыл мұғалімдер орталығы бар. Ол орталық «Таным», «Жан айнасы», «Қабілет», «Зерде», «Ізденіс» деп бес топқа бөлінген. Әр топтың өзіне тиесілі жұмысы бар. Яғни ұстаздар бұл орталықта өздерін қызықтырған жобалармен айналысады. Сондай-ақ мектепте республикаға танымал ұстаздар да еңбек етеді. Оның ішінде биология пәнінің мұғалімі Паридаш Шайықова бар. Оның шәкірттері ҰБТ-дан төмен балл жинаған емес. Паридаш Шайықова тәрбиелеген оқушылар бүгінде түрлі жоғары оқу орнына грантқа оқуға түссе, бір топ шәкірті Назарбаев атындағы зияткерлік мектебінде білімдерін жалғастыруда.

Білім ордасында математик Бақыткүл Карбова еңбек етеді. Ол оқушыларды ізденімпаздыққа тәрбиелейді. Бүгінде ол тәрбиелеп қанаттандырған оқушылар жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Айта кететін болсақ, 2015 жылы екі оқушысы Ақерке Ерман, Нұрлан Сапабек «Алтын белгімен» бітірген. 2016 жылы үш оқушысы Халифа Сейтхан, Бейбарыс Гүлайым Дәулет Төлен «Алтын белгі» иегерлері атанды. Диас Құрбан олимпиада жүлдегері. Бахыткүл Сәдірқызы Қызылорда қаласының бөлімшісі, қалалық білім бөлімінің тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде үлес қосқаны үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Қызылорда қаласының әкімінің арнайы «Алғыс» хатына ие болған белделді ұстаз.

Үздік мұғалімнің бірі Айгүл Қаршығаева қалалық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталса, тарих пәні мұғалімі Бақыт Ахметова және қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жұлдыз Джелдербаева қалалық білім бөлімінің кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен «Қамбаш» сауықтыру орталығына жолдама алған. Математика пәні мұғалімі Ж.Қасымова Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы аясында «білім саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісін алса, химия пәні мен физика пәнінен дәріс беретін Қалмас Алтынбаев, Рабиға Сүлейменова облыстық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. География пәнінен Қарашаш Жалбырова мен математика пәнінен Анар Дәлқенова оқушылардың биіктен көрінуіне өз үлестерін қосқан майталман ұстаздар.



Сонымен қатар тарих пәнінің мұғалімі Нұрғұл Нұрылдаева үнемі ізденіс жолында жүретін ұстаз.

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. «Ұстазды алтын дінгекке теңер едім», – деп ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Мектептегі мақтаулы ұстаздың бірі орыс тілі пәнінің мұғалімі – Анар Күзембаева. Оның осы уақытқа дейін тәрбиелеп, білім берген оқушылары жоғарғы көрсеткішке қол жеткізіп жүр. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру,



жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілікке тәрбиелеуде Анар апайдың еңбегі зор.

– Өздеріңізге белгілі пандемия әлемде болып жатқан құбылыс. Ол мемлекеттерге оңай тиіп жатқан жоқ. Ал бұл өз кезегінде білім саласында айналып өтпеді. Қазір барлық жерде онлайн жұмыс, онлайн сабақ жүріп жатыр. Ал онлайн сабаққа бір отбасының шамасы жетсе, енді бірінің тіптен ұялы телефон алуға шамасы жетпейді. Тіпті бір отбасының 4-5 баласы мектепте білім алатынын ескерсек жағдайы тіптен қиын екенін білуге болады. Біз осының бәрін саралай келе тұрмысы төмен отбасыларға мектепте

тұрған компьютерлерді үлестірдік. Ал жетпегендерге әр мұғалім өз еркімен арнайы планшеттер табыстадық. Бүгінде онлайн білім беру біздің мектепте жақсы жолға қойылып отыр. Мектепте кезекші топтарда карантин талаптарына сәйкес білім алуда, – дейді мектеп директоры Бақытжан Алиарыстанқызы.

ОҚУШЫ ЖЕТІСТІГІ МҰҒАЛІМ МӨРТЕБЕСІН КӨТЕРЕДІ

Білім ордасында оқушылардың да жетістігі аз емес. Мұндағы ұстаздар

JUNIOR-2016» атты дарынды оқушылардың үздік ғылыми жұмыстары байқауында ерекше қабілетімен көзге түсіп, «Ізденімпаз оқушы» номинациясын жеңіп алды. 2015 жылы «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» атты республикалық Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін оқуда «Көркем сөз» номинациясы бойынша Нұрсұлу Сапабек II орын, Асылзат Кеңес III орын, Ботагөз Жұлдызбек III иеленген.

ЖАҢАРҒАН МЕКТЕП, ҚУАНҒАН ШӘКІРТ

Биыл мектеп орташа жөндеуден өткен. Яғни ғимараттың есігі мен терезесі ауысқан, сыртқы бейнесі қайта жаңарған. Мектептің іші жап-жарық, жылы. Әр сынып бөлмесіндегі пластик терезелер күн сәулесін молынан түсіріп, бөлме ішін нұрландыра түскендей. Оқушылар да мәз-мейрам. Білім беру саласына ерекше көңіл аударып, қыруар қаржы бөлдірген жас ұрпақты қуанып, ұстаздарды риза қылған осы бір игі істің ұйытқысы болған сала басшыларына мектеп ұжымы алғыстарын білдіруде. Ел қамын ойлаған аға ұрпақтың осындай қамқорлығы мен мейірімін көрген бүгінгі шәкірт ертең ер жетіп, ел тізгінін алғанда игі істерді жалғастыратыны, жаңалықтың жаршысы болатыны сөзсіз.

«ЕРЕКШЕ БАЛАҒА» ҚОЛДАУ БАР

Мектептегі дефектология кабинетіне бас сұқтық. Бұл тілінде мүкестігі бар балалармен жұмыс жасайтын кабинет. Ондағы мұғалімнің жүзінен ерекше мейірім лебізін сездік. Онымен тілдесу барысында ұққанымыз өз саласына деген нағыз махаббаттың үлгісін көрдік. Балалармен тілегі де, жүрегі де бір екендігін аңғардық. Кабинет барлық керекті құралмен жабдықталған. Онда балалар тіл жаттығуын жасайды. Мұғалімнің берген тапсырмасын орындайды.

Сынып жетекшілері оқушылар мен ата-аналармен, мектептегі қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізеді. Мектеп оқушылары мәдени спорттық іс-шараларға да белсене араласып, оң нәтижелер көрсетуде.

Жас ұрпақты біліммен қаруландырып, бәсекеге қабілетті етіп өсіруде еңбек етіп жатқан ұстаздарымыз әлі де талай қыранды баптап ұшыратыны сөзсіз.

Жарасқан
ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



оқушылармен тығыз байланыс жасай біледі. Нәтижесінде олар республикалық, облыстық ғылыми жобаларда топ жарып жүр. Республикалық «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» атты Абай оқуларының жасөспірімдер арасында «Көркем сөз» номинациясы бойынша Наргиза Қуанышбай II дәрежелі дипломмен марапатталды. «Эрудит» интеллектуалды білім порталының ұйымдастыруымен республикалық «Көркем жазу – өнер» атты байқауға 6-сынып оқушысы Сағи Медетбек қатысып, жүлделі II орынға ие болды. «Мен сені сүйем – Қазақстан» байқауына 9-сынып оқушысы Өмірсерік Смайлов жүлделі I орынға ие болды. Сымбат Жарылқасын «Мағжан шығармаларының құрылымдық ерекшеліктері» облыстық «ORDA-



Мұрат ЖАРЫЛҚАСЫНОВ, кино актері:

«ҚЫЗЫЛОРДА ЖАЙЛЫ КИНО ТҮСІРГІМ КЕЛЕДІ»



— Мұрат аға, келе жатқан Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Билік елімізде жарияланған қазақтың дара ақыны Абай жылына орай «Абай» сериалы да түсірілді. Оның ішінде сіздің өзіндік роліңіз бар болғандығы бізді қуантты. Тарихи фильмді көруге асығып жүрміз. Әңгімемізді осыдан бастасак...

— Иә, мерейлі мереке баршамызға құтты болсын! Бұл сериалда Абай ақынның бала кезден басталған өмірі қамтылады. Өздеріңізге белгілі, бала Абайды жастайынан Құнанбай жанына алдыртады. Өйткені оның дарындылығы, ақылдылығы, мінез-құлқы әкесіне ұнайды. Келешекте өзінің жолын жалғастырысын деген ниетпен баласын тәрбиелеуді қолға алады. Жанына алған кезде түрлі жағдайларды көзбен көреді. Себебі Құнанбай аға сұлтан болып тағайындалған болатын. Сұлтан дегеніміз қазіргі сөзбен айтқанда, ел билеушісі. Яғни елдегі жағдай, дау-дамай бәрін шешуге атсалысып жүреді. Сол сәттен бастап ұлы Абай бар қиыншылықты көріп өседі. Әкесі шешім шығарғанда үнемі ізінде жүріп, біраз нәрсені бойына сіңіріп ержетеді.

Сөйтіп Абай ағамыз өмірдің ақ-қарасын ертен-ақ біле бастайды. Сондай-ақ Абайдың махаббаты, бауырларына, жақындырына, халқына деген сезімі бәрі байндалады. Негізі бұл кино ХХІ ғасырдың көзқарасымен түсірілген. Тарихи сериал болып қалатыны сөзсіз. Басқа фильмдермен салыстыруға келмейді. «Абай жолы» кітабында жоқ кейбір хиқаялар қосылғандығы байқалады. Оған өз ісінің мықты майталманы, кинорежиссер Мұрат Бидосовтың енебегі зор. Ол әр актердің іс-қимылынан бөлек, әрбір сөзіне мән берді. Талап қойды. Актер болған соң режиссердің талабын орындау керек. Сол кездегі Құнанбайдың Майбасарға айтқан жолдамасы да өзіне бөлек болып шығады. Мұнда Абай әкесінің, ағаларының, бауырларының арқасында өзінің өмірлік жолын табады. Жалпы фильм өте мазмұнды, жаңаша әрі қызықты деп айтар едім.

— Құнанбайдың інісі Майбасарды сомдау қиын болған жоқ па?

— Маған Құнанбайдың бауыры Майбасарды сомдау бұйырды. Құнанбай Майбасарды ауылдың старшын етіп тағайындайды. Інісі ағасының әр сөзін жерге тастай алмайды. Өйткені Құнанбай өте қатал кісі болған. Алдына қойған мақсатына жететін тұлға. Ауыл арасында шешілей тұрған кикілжің болған сәтте Құнанбай араласып отырады. Кейбір кісілер қарсылық білдірген кезде Майбасар ағасының ұрда жық қолшоқпары секілді болған. Өйткені інісі ірі, қайратты, айтқанынан қайтпайтын ер мінезді болды. Ол жағынан Құнанбайға ұқсас.

Негізі кез келген актерге кейіпкердің ролін сомдау оңай болмайды. Себебі сол образға ену керек. Кейіпкердің бейнесін көрсетіп, аша түсу қажет. Басында айтқан өткендей, Майбасар бірқарлы емес, әртүрлі қыры бар азамат. Кино түсірілімі барысында атпен де шауып, қарсы келген кісіге қатты да сөйлейтін тұсы бар. Бастысы, дайындық керек болды. Тексті айту барысына мән беру қажеттілігі тағы бар. Сонымен қатар физикалық тұрғыда денсаулық та керек. Осыз болмайды. Арасында көтеріліске шығу сияқты көріністері кездеседі.

Майбасар ролін ойнау аса қиындық тудырмады. Құнанбайдың ролін актер Бауыржан Қаптағев ағамыз сомдады. Кино барысында түр-келбеті жағынан екеуіміз ұқсас болды. Режиссер сол жағына да мән берді деп ойлаймын. Бірақ көрермен әртүрлі қабылдауы мүмкін. Жалпы кастинг барысында маған осы рөл бұйырды. Бағасын халық береді.

БАС ДИРЕКТОРЛЫҚТАН БАС ТАРТТЫМ

— Кино әлемі сіздің жаныңызға жақын болғандығы байқалып тұр. Тіпті «Астана моторс» компаниясындағы Subaru орталығының бас директорылығын бас тартыпсыз...

— Иә, ондай жағдай кездесті. 2007 жылы туған інім Самат Жарылқасынов әншілікпен айналысты. Содан Ташкентке барып, кейін түсіруге барды. Қазақтың өзі болғандықтан сол клипке өзіміздің қазаққа ұқсайтын актерді табу алмайды. Инім маған ұсыныс айтты. Бауырым үшін Ташкентке жол жүріп, ұсынысын қабыл алдым. Сол кезден бастап мен камераның, сахнаның не екенін, түсірілімнің қыр-сырын білгендей болдым.

Басы 1-бетте

Ал киноға келсек, 2008 жылы ең бірінші фильм «Обратная сторона» деп аталды. Онда ресейлік дарынды актер Дмитрий Дюжевпен бірге Баха деген криминалды рөлді сомдауға тура келді. Кастинг барысында көп адам өте алмай қалды. Менің даусым, түр-әлетім осы рөлге сәйкес келсе керек. Режиссер Қуат Исаев пен директор Марина Құнарвановның көңілінен шықты. Сөйтіп сол рөлмен алғашқы тұсаукерім кесілді десем де болады. «МГ продакшн» компаниясының арқасында кино әлемім басталды. Өте жоғары деңгейде түсірілген фильм де жүздеген не болды. Одан кейін «Мың бала» фильміне түстік. Онда Басықара бағардың ролі бұйырды. Солай жалғаса берді.

Қызылордада жүргенде «Best» автоком-

паниясында бірнеше жыл бойы басшылық қызметте істедім. Сегіз жылдан аса мен автобизнес саласында болдым. Бірақ киноға қызығушылығым арта түскені соншалық, келік бизнесінен өз еркіммен бас тарттым. Қазір оған еш өкінембеймін.

— Сізге қазақтың алтын баласы Бекзат Саттархановтың әкесінің ролі де бұйырды ма?

— Қысқы кез болатын. Түркістан қаласында режиссер Мұрат Бидосовтың Бекзат сериалы түсіріліп жатыр екен. Маған телефон шалып, ұсыныс айтты. Бекзатты дүйім жұрт жақсы біледі. Ол — қазақтың баласы. Өмірі қысқа болса да жарық жұлдызы болды. Мен мұндай ұсыныстан бас тартпадым. Қайта құрметпен

отбасыммен дастарқан басында отырғанмын. Бір кезде жанымдағылар мойнымдағы тыртықты көріп шулап кетсін. Олар шыныммен қорқып кетсе керек. Мен болсам, әбден күліп алған едім. Сондай оқиғалар бастан өтіп тұрады.

МҮЛДЕМ ҚАТАЛ ЕМЕСПІН

— Байқап отырсақ, сізге жағымсыз рөл бұйырады. Оған қоса актерлік бейнеңіз де қатал көрінеді. Ал өмірде қандайсыз?

— Жақсы сұрақ... Шыны керек, режиссер қолына сценарий алып карағанда актерді таңдай бастайды. Біздің Қазақстанда екі тілді жетік меңгерген түр келбеті бәрне сай келетін дарынды актерлер жағы санаулы. Кейде жетпей жатады. Әрине, арасында мықты мамандар да бар. Мүлдем жоқ деуге болмайды. Бір жағынан киноның жақсы шығуы актерге де байланысты. Өмір болған соң жағымсыз рөлді де сомдай білу қажет деп ойлаймын. Бірақ арасында жағымды рөлдер де бар. Алдағы шүкір, бұйырғанын ойнап, аман-есен алып шығудамын.

Асанәлі Әшімов ағамыздың айтқан сөзі бар: «Мұратжан, егер өзіңді мықты актермін деп санайтын болсаң, кейіпкер жағымды немесе жағымсыз бола ма, сен бәрін сомдап, жақсылап алып шығуың керек» деген еді. Негізі көбіне өзіме осындай қатал кейіпкерлер сөйкес келіп қалады. Ал өмірде мүлдем қатал емеспін. Қайта күліп, әзілдеп жүремін. Қатал болғанды ұнатпаймын.

АРМАНЫМ — ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚАТЫСТЫ КИНО ТҮСІРУ

— Туған қалаңызға жиі келіп тұрасыз ба? Қызылорда қалай өзгеріпті?

— Өзім Тасбөгет кентінің тумасымын. Әрине, келіп тұрамын. Кейде уақыт жеткізе алмай қаламын. Туған қалам — өте қасиетті мекен. Барына жақсы көремін. Әр келген сайын №11 мектепте бірге оқыған сыныптастарыммен, достарыммен жиі бас қосып тұрамыз. Жасымыз өлесе келе де басқосуларда бәлаша мәз болып, өткенді еске алып қайтамыз. Сыйластық арамыздан ажыраған емес. Бір келгеніме сынып жетекшісі Қатима Қыдырәлиева апағыммен кездесіп, ерекше сезімге бөлендім.

Бала кезден өнерге жақын болдым. Сыр елінде композитор Сәбит Қорбаев деген ағамыз бар. «Мереке» деген топ құрып ансамбльде ән айттым. Жастық шақтағы осы кездер мен үшін ұмытылмас сәттер.

Ал Қызылордаға келсек, жыл артқан сайын өзгеріп келеді. Шыны керек, арасында келгенде танымал қалатын кездер де болады. Сол жағалау, жаңа ғимараттар, әдемі үйлер бой көтерді. Басыларға алғысым зор. Қолтаңбалары көрініп тұр.

— Шәкірт тәрбиелеп жүрісің бе? Алдағы жоспарларыңды...

— Өзірге кино саласынан шәкірт тәрбиелеп жатқан жоқпын. Бірақ өнер мектебін ашқалы жүрмін. Актерлік шеберлікті дамытатын орталық болса деген жоспарым бар. Оған қоса екінің мамандығын автосервис саласына маман даярлау. Екі мамандық бір мектепте болады деп отырмын. Ал авто саласынан өзі шәкірті бар. Екеуі өз ісінің майталмандары. Арманым — біздің Қызылордадан да өнер мектебін ашып, дарынды жастарды даярлау. Өйткені біз жақта өнерлілер өте көп. Кейбірі көрінбей жатады. Балалардың киносы өте аз. Соны қолға алсам деп жүрмін. Болашақта шетелдік актерлармен бірге жұмыс істейтіндей мүмкіндік жасау керек деген ниеттемін.

Тіпті Қызылорда қаласына қатысты кино түсіріп келеді.

Әсіресе Арал жайында фильм түсірсе деп ойлаймын.

— Шағын мемлекетіңіз жайлы айтсаңыз. Яғни отбасыңызға тоқтасақ...

— Өкем қайсар кісі болған. Алайда дүниеден өтті. Асқар тауымыз кеткен соң бар ауырталық анама түсті. Біз — алты ағайындымыз. Әрқайсысымызды оқытты, тәрбиеледі, жол көрсетті. Мен өмірімде анамды бірінші орынға қоямын. Кейде адамның мінезі азан шақырғы қойған есіміне сөйкес келіп жатады. Анамның аты-жөні — Ақалтын Мынбаева. Қазір 73 жаста. Алладан ұзақ ғұмыр тілеймін. Өзі де, жаны да опақ аттындай кісі.

Мен ерте шаңырақ көтердім. Негізі жас үйленген дұрыс деп ойлаймын. Ата-анаға қуанышынды сыйлай аласың. Егер мүмкіндік болса, жігіттің тезіре екеу болғаны абзал. Келіншегімің есімі — Үлжан Алдабергенова. Шилел ауданының тумасы. Қазір денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Үш баланың әке-шешесі, үш немеренің ата-әжесіміз. Алдағы шүкір, осындай берекелі шаңырағым бар.

— Әңгімемізді мерекелі тілегіңізбен аяқтасақ...

— Еліміз көркейіп, халқымыз аман болсын деймін. Себебі амандықтан артық байлық жоқ.

— Әдемі әңгімеңіз үшін рақмет! Жолыңыз ашық, сәттілік серігіңіз болсын.

Сұхбатты жүргізген Ақтоқпан НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ



қабылдап, Бекзаттың әкесі Сейілхан ағаның ролін ойнап шықты. Ойдағыдай болды деп ойлаймын. Себебі көпшілікке ұнағаны белгілі. Бірақ фильм түсіріліп болғаннан кейін Бекзаттың өмірдегі әкесі көп ұзамай дүниеден озды. Өте жақсы кісі болатын.

— Жаныңызға қандай образды сомдаған ұнады?

— Маған көбіне қозғалыста, іш пыстырмайтын рөлдер ұнады. Табиғатым да сондай болар. Сонымен қатар тарихи киноларға түскен тіпті жаным жақын. Арасында комедиялық жанрды ойнап көрдім. Жас келе бастаған соң буреудің әкесі немесе басылық қызмет секілді рөлдер бұйыра бастады. Жалпы актер сегіз қырлы бір сырлы болуы керек. Режиссер қандай рөлді береді, соны ойнап шығу — біздің міндет. Сондықтан көбіне образды таңдай бермеймін. Бұйырғанын көремін.

— Қазақ актерінен кімдерді үлгі тұтасыз?

— Орынды сұрақ. Ең әуелі біздің үлгі тұтар тұлғамыз Асанәлі Әшімов ағамыз деп айтар едім. Кезінде театрда да жұмыс істедім. Сол кезден бастап Дулыға Ақмолданы тани бастадым. Мықты актер, жақсы дос, сыйлас азамат деген баға беремін. Ол «Ең үздік актер» номинациясына ие болды. Міне, еңбек жолындағы — үлкен жетістігі.

— Алдағы уақытта сізді қандай фильмнен көре аламыз? Әлде күнія ма?

— Күпия емес. Осы күні «Заманадастар» деген сериал түсіріліп жатыр. Онда маған Қайырқелді деген образды сомдау бұйырды. Бірақ ол да жағымсыз кейіпкер болса да өзіме ұнады. Одан кейін де біраз фильмдерге түсіп жатырмыз. Біртіндеп көрсетіле бастайды.

ТЫРТЫҚІЕН ҚОРҚЫТТЫМ

— Кино түсірілімі барысында басыңыздан өткен қызықты оқиғалар болса...

— Кім ауыстырып алу, текст оқу барысында кездесіп кетсе, «Обратная сторона» фильмінде Баханым мойнында тыртық болады. Ал ол рөлде мен болғандықтан мойныма сондай тыртықты жапсырып қойды. Оны алып тастауды ұмытып, үйге барып,

ҚЫСҚА СУРАҚҚА НАҚТЫ ЖАУАП:

- Өмірлік ұстанымыңыз? — Ар, ұят, намыс.
- Адам бойындағы қандай қасиетті бағалайсыз? — Шыншылдық, тазалық, өтірік сөйлемесе...
- Сіз үшін өмірдің мәні? — Өмірлік мәнім — менің анам. Алты баланы тәрбиелеген мықты жан. Үлкен мектеп. Жылы ұя. Нағыз балық мен үшін. Алладан кейін сол анама бас иесім.
- Актер Мұраттың бойындағы біз білмейтін қасиеті? — Суретші, спортпен шұғылданамын, музыкаға да қабілетім бар.
- Қалай демалғанды ұнатасыз? — Табиғат аясында балық аулап, аңшылыққа шығып, атқа мініп серуендегенді ұнатамын.



«ИСЛАМ СЕПАРАТИЗМІНЕ» ҚАРСЫ КҮШ



Еуропа босқындарға есік ашқалы біраз уақыт өтті. Тауа Шығыс пен Африка мемлекеттерінен келген халық ел жағалап, Еуропада жан сауғалады, тіршілікке араласты. Әлеуметтанушылар мен саяси ұстанымды терең орта келесіздіктің ерте ме-кеш пе боларын болжаған еді. Қателеспеді де. Босқын күйін кешкен жұрт орнығып, арада бұын ауысқалы келген жердің қожасы, паналаған халыққа үстем көріну ісі байқалды. Мәселенің бастау көзінде дін тұрғандықтан, сенімдер қаттығысы жағдайды ұшықтыра түсті. Соның айқын дәлелі — Франциядағы оқушы шешен эмигранттың пайғамбар қарикатурасы үшін ұстазды өлтіруі. Енді, міне, ел билігі он шақты жылға созылған діни шиленіске нүкте қоймақ. Мемлекет арнайы заң әзірлеп, діни жоралғы талаптарын шектеуге көшті. Оқиға туралы «The Wall Street Journal» басылымының тілшісі Нозми Биссерб «Франция ислам әлеуетін ауыздықтайтын заң шығармақ» атты көлемді мақала әзірлеген. Автор жаңа заң аясында Францияның заң үрдісі мен діни фанатизмнің сорақы салдарын тарқата суреттеген.

«Билік ел президенті Эммануэль Макронға діни ықпалды азайту және Франция Республикасының құндылығын қорғайтын жаңа заң жобасын ұсынды. Бұған дейін «исламдық сепаратизм» саналған оқиғалар ақыры ислам радикализының алдын алуға бағытталған қадамға жетелеген секілді. Мысалы, соңғы үш жылда 30-ға тарта діни қаттығыс пен қылмыстық оқиға орын алған. Сәрсенбідегі мәлімдемде премьер-министр Жан Кастекс: «Мемлекет өзін қорғауға көшті» деген болатын. Заң жобасы құқық қорғау органдары мен ислам топтарының арасындағы шешендігі ұшықтыру ықтимал. Мәселен, заң күшіне енсе, әйелінің ер дәрігерге қаралуына тиым салатын азаматтар бес жылға, өзге адамның ақпаратын әлеуметтік желіге жариялау туралы үш жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Оған қоса, үш жасқа толған баланың міндетті түрде мектепке баруы, діни бірлестікке сырттан келетін қаржы мөлшерін шектеу шараласы нақтыланған».

Автордың пікірінше, аталған міндеттеменің айналдырма енуіне біршама уақыт қажет. Себебі Франциядағы ислам қауымы Еуропадағы ең ауқымды топ саналады. Діни ұстанымға берік азаматтар заңдағы кей талаптарын орынсыз әрі негізсіз жасалғанына ашынады. Мақалала «Франция мұсылмандары» (des Musulmans de France) қауымдастығының президенті Ануар Кбибеч: «Біз сөзсіз зұлымдық пен қатігездікке қарсымыз. Бірлі-жарым адасқандар үшін бар мұсылман қауымды қиын жағдайға қалдыру әділетсіздік» деп пікір білдірген.

«Қарикатураға» қатысты соңғы оқиға ел билігін қатаң шараға баруға итермелегені анық. Бүгінде мемлекетте бірнеше діни мектептер жабылып, бірлестіктері мен топтардың құзыреті шектеліп, олардан міндетке тергеу жұмысы жүрген. Көршілер болса, Франция әрекетін қоғамда алауыздық тудыру, азаматтарды алауыз деп баға беруде.

ЖҮРГІЗУШІСІЗ КӨЛК



Ұшқышсыз ұшақ, жүргізушісіз көлік, даяшысыз қызмет құралы — заманың озық ғылыми жетістігі. Әсіресе әскери қолданыстағы ұшқышсыз дронның тиімділігі бұл салаға әуесті арттырып, тың зерттеу нысанына айналдырды. Майдан қаруы ғана емес, адам өмірін жеңілдету және қауіпсіз тасымал жүйесін орнату үшін Қытай компаниялары манғзыды өнертабысқа қол жеткізді. «CNN» арнасының тілшісі Мишель То ерекше техниканың қыр-сырына тоқталып, арнайы хабар әзірлеген. Тақырыбы — «Қытайда адамсыз робототехника танымал болуда».

«Бейсенбіде Alibaba (BAVA) компаниясы AutoX жүргізушісіз роботаксі қызметін Шэньчжэн қаласында бастағанын мәлімдеді. Бұл Қытайдағы осы мазмұнда саладағы ең алғашқы қадам болғанымен құнды. Өзірге 25 автокөлік халық қызмет көрсетуге дайын. Алдағы уақытта көлік санын арттыру жоспарлануда».

Сонымен қатар хабарда AutoX жобасының бас директоры Цзяньсон Сюо ғылыми жетістікке жету жолы мен жоба алдындағы міндетті көрсеткен. Ол: «Біз көп жылдар бойы ұзақ ізденіс нәтижесінде үлкен жетістікке жеттік. Бұл технология айтарлықтай жетілген, сол себепті қауіпсіздік пен басқару қаруында ақау болады деп ойламаймын. Автомобильдер жасанды интеллект арқылы шешім қабылдауға қауқарлы. Алдағы уақытта өнім санын көбейтіп, әлемдік нарыққа шығуды көздейміз» деген.

Тұңғысқадан аударып, шолу жасаған Еркін ШАМШАДИН

Газетіміздің келесі саны 16 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады.